



050010, Алматы қ., Абай даңғ., 10 В
Тел.: +7 (727) 259 97 10, факс: +7 (727) 250 67 03
E-mail: cc@nurbank.kz / www.nurbank.kz

050010, г. Алматы, пр. Абая, 10 В
Тел.: +7 (727) 259 97 10, факс: +7 (727) 250 67 03
E-mail: cc@nurbank.kz / www.nurbank.kz

Усс. № 11/11242
от 16.10.2017

АО «Казхстанская фондовая биржа»

АО «Информационно-учетный центр»
010000, г. Астана, пр. Республики, д. 29, тел. (7172) 55-29-81

ЗАЯВКА

Настоящим АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «НУРБАНК» (БИН 930940000164, КАЗАХСТАН, 050010, Алматы г.а., Бостандыкский район, проспект Абая 10 «В», тел: 8(727)250-00-00; 259-97-10, факс: 8(727)250-67-03, e-mail: TSalkenova@nurbank.kz, cc@nurbank.kz, веб-сайт: www.nurbank.kz) направляет текст информационного сообщения на русском, казахском языке(ах), для размещения/опубликования его на интернет-ресурсе Депозитария финансовой отчетности, представляющего собой средство массовой информации согласно определению, данному в подпункте 3) пункта 2 Правил размещения на интернет-ресурсах депозитария финансовой отчетности, фондовой биржи информации о корпоративных событиях, финансовой отчетности и аудиторских отчетов, списков аффилированных лиц акционерных обществ, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов исполнительного органа по итогам года, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 26.

№	№ п.п.	Показатель / Көрсеткіш / Indicator	Содержание информации / Ақпарат мазмұны / Information content
1	2	3	4
24.		Информация об иных событиях, затрагивающих интересы акционеров акционерного общества и инвесторов, в соответствии с уставом акционерного общества, а также проспектом выпуска ценных бумаг акционерного общества	
		Акционерлік қоғамның жарғысына, сондай-ақ акционерлік қоғамның бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне сәйкес акционерлік қоғамның акционерлерінің және инвесторлардың мүддесіне қатысты өзге жағдайлары туралы ақпарат	
	1	Дата события, затрагивающего интересы акционеров акционерного общества и инвесторов, в соответствии с уставом акционерного общества, а также проспектом выпуска ценных бумаг акционерного общества	13 10 2017
		Акционерлік қоғамның жарғысына, сондай-ақ акционерлік қоғамның бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне сәйкес акционерлік қоғамның акционерлерінің және инвесторлардың мүддесіне қатысты өзге де мәліметтер	
	2	Иные сведения, затрагивающие интересы акционеров акционерного общества и инвесторов, в соответствии с уставом акционерного общества, а также проспектом выпуска ценных бумаг акционерного общества.	АО "Нурбанк" сообщает о получении документов о государственной регистрации в уполномоченном органе выпуска третьей облигационной программы
		Акционерлік қоғамның және акционерлік қоғамның жарғысына сәйкес және акционерлік қоғамның бағалы қағаздардың шығарылым проспектісіндегі инвесторлардың мүдделерін қозғайтын басқа да мәліметтер	«Нурбанк» АҚ үшінші облигация бағдарламасын уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуге қойылғаны туралы құжаттарды алғанын хабарлайды.

Финансовый директор  Жаканбаев Р.С.

Исп. Салкенова Тауила Казизовна
Тел. 8(727) 2-599-710, вн.: 5692



**«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының
(«Нұрбанк» АҚ)
облигациялық бағдарламасының
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

**100 000 000 000
(жүз миллиард) теңгеге**

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға анықтамалықта сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік (15) он бес күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді.

Алматы қ., 2017 жыл

1-Тарау. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке эмитенттің сәйкес атауы:

1) эмитенттің мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткізілген күн

Рет №	Тіркеу/ қайта тіркеу куәлігінің №	Тіркелген күні	Эмитенттің атауы	Тіркеуші орган
1	334-93	08.09.1993	«Нұрбанк» акционерлік-коммерциялық кәсіпорны	ҚР Әділет министрлігі
2	133-1915-АҚ	21.12.1995	«Нұрбанк» Акционерлік банкі ашық Акционерлік қоғамы	ҚР Әділет министрлігі
3	3868-1900-АҚ	20.05.1998	«НҰРБАНК» ашық акционерлік қоғамы	ҚР Әділет министрлігі
4	3868-1900-АҚ	09.11.2004	«Нұрбанк» акционерлік қоғамы	ҚР Әділет министрлігі

2) эмитенттің толық және қысқарған атаулары (егер эмитенттің жарғысында шет тіліндегі оның толық және қысқарған атаулары берілсе, онда қосымша ретінде мұндай атаулары да көрсетіледі)

Қоғамның атауы	Толық атауы	Қысқарған атауы
мемлекеттік тілде:	«Нұрбанк» акционерлік қоғамы	«Нұрбанк» АҚ
орыс тілінде:	Акционерное общество «Нурбанк»	АО «Нурбанк»
ағылшын тілінде:	Joint stock company «Nurbank»	JSC «Nurbank»

3) эмитенттің атауы өзгерген жағдайда, оның алдыңғы атауларының барлық толық және қысқарған атаулары, сонымен қатар олар өзгеріске түскен күндер көрсетіледі:

- 08.09.1992 ж. – «Нұрбанк» акционерлік-коммерциялық кәсіпорны, қысқартылған атауы қарастырылмаған болатын;
- 21.12.1995 ж. – «Нұрбанк» Акционерлік банкі ашық Акционерлік қоғамы, қысқарған атауы «Нұрбанк» АБ;
- 20.05.1998 ж. - «НҰРБАНК» ашық акционерлік қоғамы, қысқарған атауы «Нұрбанк» ААҚ;
- 09.11.2004 ж.- «Нұрбанк» акционерлік қоғамы, қысқарған атауы «Нұрбанк» АҚ.

4) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта тіркеу нәтижесінде құрылған болса, онда қайта құрылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке құқықтық мұрагерлігі туралы мәліметтер көрсетіледі;

Эмитент заңды тұлғаны қайта құру нәтижесінде құрылмаған.

5) эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, онда 31.08.2017 ж. заңды тұлғаның филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан мекені мен пошталық мекенжайлары.

Рет №	Филиалдың атауы	Әділет органдары	Қала	Көшенің атауы мен үйдің нөмірі
-------	-----------------	------------------	------	--------------------------------

		ндағы есептік тіркеу күні		
1.	Мәскеу қ. Өкілеттік	16.02.2004	Ресей, 107031 Мәскеу қ.	Большая Дмитровка көш., 32- үй, 9
2.	Астана қ. филиалы	14.08.2005	Астана қ.	Қонаев көш., 33
3.	Көшетау қ. филиалы	05.05.2006	Көкшетау қ.	М. Әуезов көш., 149
4.	Алматы қ. филиалы	12.10.2007	Алматы қ.	Желтоқсан көш., 173
5.	Талдықорған қ. филиалы	12.12.2014	Талдықорған қ.	Абылай хан көш., 149
6.	Ақтөбе қ. филиалы	15.02.2005	Ақтөбе қ.	Оспанов көш, 59
7.	Атырау қ. филиалы	31.01.2005	Атырау қ.	Сейфуллин көш., 5
8.	Тараз қ. филиалы	04.02.2005	Тараз қ.	Әйтеке би көш., 17
9.	Қарағанды қ. филиалы	25.02.2005	Қарағанды қ.	Гоголь көш., 51/6
10.	Қостанай қ. филиалы	28.01.2005	Қостанай қ.	Жеңіс көш., 70б
11.	Ақтау қ. филиалы	08.02.2005	Ақтау	4 шағ. ауд., «Қоғамдық ұйымдар» ғимараты
12.	Павлодар қ. филиалы	30.10.2014	Павлодар қ.	Кутузов көш., 26/тұрғын емес жай 1
13.	Семей қ. филиалы	06.03.2015	Семей қ.	Шәкерім даңғ., 47
14.	Өскемен қ. филиалы	19.03.2005	Өскемен	Қазақстан көш., 64/1
15.	Шымкент қ. филиалы	01.02.2005	Шымкент қ.	Асқаров көш., 41Б
16.	Петропавл қ. филиалы	25.05.2005	Петропавл қ.	Абай көш, 80/А
17.	Орал қ. филиалы	02.03.2005	Орал қ.	М. Иханов көш., 54

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің орналасқан мекені, эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі, байланыс телефандарының, факстің нөмірлері мен электронды поштаның мекенжайын көрсете отырып, егер эмитенттің нақты мекенжайы Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізімдемесіне енгізілген мекенжайға ұқсамайтын болса.

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 51-53.

Нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы., Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 51-53.

телефон: 259-97-10;

факс: 250-67-03;

E-mail: bank@nurbank.kz

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН): 930 940 000 164

3. Егер эмитент қаржы агенті болса, онда 2008 жылдың 4 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес қаржы агенті ретінде экономиканың белгілі бір саласында мемлекеттік инвестициялық саясаттың жүзеге асуына эмитент өкілетті болатын құжаттың мәліметтері көрсетіледі.

Эмитент қаржы агенті емес.

4. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктердің берген рейтингілері жөніндегі мәліметтер.

Халықаралық Standard & Poor's рейтинг агенттігі 08.06.2017 жылы «Нұрбанк» АҚ-ның ұзақ және қысқа мерзімді кредиттік рейтингін «В-/В» дәрежесінде, ұлттық шәкілдегі рейтингін «kzBB+» дәрежесінде екенін растап берді. Болжам - Жағымсыз.

2-Тарау. Эмитенттің ірі акционерлері немесе ірі қатысушылары, эмитенттің органдары, сондай-ақ эмитенттің аффилиирленген тұлғалары

5. 31.08.2017 күй-жай бойынша Эмитенттің ірі акционерлері (акционерлік қоғам саналатын эмитент үшін) немесе эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі 10 (он) немесе одан көп пайызды құрайтын қатысушылары (бұдан былай – ірі қатысушы):

Ірі акционердің толық атауы	Тұрған орны	Ірі акционердің иелігіндегі дауыс беретін акцияларының жалпы дауыс беретін акциялардың санына пайыздық қатынасы	Ірі акционер немесе ірі қатысушы дауыс беретін акциялардың 10 (он) және одан да көп пайызын иеленген күн
«JP FINANCE GROUP» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Фурманов көш., 187а үй	84,44%	29.12.2012

6. Эмитенттің органдары.

1) 31.08.2017 ж. күй-жай бойынша Эмитенттің директорлар кеңесі:

Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні	Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы 3 жыл ішіндегі және осы уақыттағы, сонымен бірге қосымша атқарған лауазымдары, лауазымын атқаруға кіріскен күн, тізбелік тәртіппен.	Эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау кеңесінің) мүшелерінің жарғы капиталына (акцияларына /үлесіне) қатысуы	Эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау кеңесінің) мүшелерінің қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы
Ержанова Раушан Зейнуллақызы 15.04.1960 ж.	15.09.2016 ж. - қазіргі уақытқа дейін «Виктория» СК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 09.06.2010 ж. - қазіргі уақытқа дейін «Нұрбанк» АҚ директорлар	жоқ	жоқ

АО «Нурбанк» Үшінші облигациялық бағдарламаның анықтамалығы

	<p>кенесінің төрағасы 08.06.2010- 09.06.2010 ж. - «Нұрбанк» АҚ директорлар кенесінің мүшесі 05.09.08 – 08.06.2010 «Нұрбанк» АҚ тәуелсіз директоры. 29.04.2005 - қазіргі уақытқа дейін «Виктория» АҚ Сактандыру компаниясының басқарма төрағасы.</p>		
<p>Креймер Эдуард 10.09.1949 ж.</p>	<p>08.06.2010 - Қазіргі уақытқа дейін «Нұрбанк» АҚ директорлар кенесінің мүшесі 01.06.2007 ж. - Қазіргі уақытқа дейін «KSP Steel» компаниясының директоры.</p>	жоқ	жоқ
<p>Фролов Александр Леонидович (тәуелсіз директор) 17.10.1958 ж.</p>	<p>06.09.2010 ж - Қазіргі уақытқа дейін «Нұрбанк» АҚ тәуелсіз директоры-Директорлар кеңесінің мүшесі 01.07.1998-05.04.2010 ж. - Алматы қаласының ішкі істер департаментының жедел жұмыс бойынша басқармасының бастығының орынбасары.</p>	жоқ	жоқ

Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) құрамына алдыңғы екі жыл ішінде өзгерістер жасалмаған.

2) коллегиальный или единоличный исполнительный орган эмитента по состоянию на 31.08.2017 г.:

Эмитенттің атқарушы органының мүшесінің аты-жөні	Соңғы үш жыл ішіндегі және осы уақыттағы, сонымен бірге қосымша атқарған лауазымдары мен міндетін атқаруға кіріскен күндері	Эмитенттің алқалы атқарушы органының әр мүшесінің қатысу үлесі және ұйымдардың төленген жарғылық капиталына қатысуы көрсетіледі
	<p>30.11.2015 жылдан – қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ, Басқарма Төрағасы. 29.11.2012 ж. – 29.11.2015 ж. – «Нұрбанк» АҚ Атқарушы директоры. Өкілеттігі: акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйыдастыру, үшінші тұлғалармен болатын қатынастарда банк атынан сенімхатсыз әрекет ету, банктің үшінші тұлғалармен</p>	

АО «Нурбанк» Үшінші облигациялық бағдарламаның анықтамалығы

<p>Сарсенов Эльдар Рашитович 04.11.1984 ж.</p>	<p>қатынастарында банктің мүдесін қорғау құқығын беруге сенімхат беру, банктің атқарушы органы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлу, банктің жарғысымен және акционерлердің жалпы жиналсы мен директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асыру, Басқарма Төрағасы Аппаратының, Тәуекелдер департаментінің, Тәуекелдерге мониторинг жүргізу мен даулы жағдайларды шешу бөлімінің, Төлем карточкалары басқармасының, Қызметкерлермен жұмыс істеу басқармасының, Жарнама және көпшілікпен байланыс басқармасының, Қызметкерлерді корпоративтік дамыту орталығының қызметтеріне жетекшілік ету, Банктің бас бухгалтері А.И. Филатованың, Басқарма Төрағасының көмекшісі А.А. Есжановтың жұмыстарына жетекшілік ету.</p>	<p>Жоқ</p>
<p>Заиров Марат Заирович 31.05.1968 ж.</p>	<p>23.11.2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма мүшесі; 12.01.2012 ж.-22.11.2015 ж. – Кәсіпкер, кәсіпкерлік қызмет; 15.08.2011 ж.- 11.01.2012 ж. – «БТА Банк» АҚ Басқарма Төрағасы. Өкілеттігі: басқарушы директор Р.Б. Ахметованың жұмысына, жетекшілік ету; Бас операциялық департаменттің, Клиринг басқармасының; Саудалық қаржыландыру басқармасының жұмыстарына жетекшілік ету; «Нұрбанк» АҚ келесі еншілесі ұйымдарының жұмыстарына жетекшілік ету: «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» «Нұрполис» Сақтандыру компаниясы» АҚ, «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» «Нұр Лизинг» Лизингілік компаниясы» ЖШС;</p>	<p>жоқ</p>
<p>Ахметов Сакен Кадирович 08.05.1963 ж.</p>	<p>04.08.2015 ж. – 30.09.2015 ж., «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары – Басқарма Төрағасының міндетін атқарушы. 05.01.2011 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары-Басқарма мүшесі. 15.09.2010 ж. - 04.01.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры. 07.07.2010 ж. - 14.09.2010 ж. – «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі. Өкілеттіктер: Шағын және орта бизнес департаментінің, Басқарушы директор К.М. Касеновтың жұмысына жетекшілік ету.</p>	<p>Жоқ</p>
<p>Жаканбаев Ришат Сельмарович 19.08.1964 ж.</p>	<p>10.04.2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «JPFinanceGroup» ЖШС-ның Бас бухгалтері 14.06.2012 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «Нұр Лизинг» Лизингілік компаниясы ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі 13.02.2012 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ қаржы директоры - Басқарма мүшесі. 05.01.2011 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ Қаржы директоры - Басқарма мүшесі. 07.07.2010 ж. - 04.01.2011 ж. - «Нұрбанк» АҚ Бас бухгалтері. Өкілеттіктер: Бюджеттендіру және контроллинг басқармасының, Кредиттік әкімшілік жүргізу басқармасының, Капитал басқармасының қызметтеріне жетекшілік ету; «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «MONEY EXPERTS» еншілес</p>	<p>жоқ</p>

	ұйымдарының қызметтеріне жетекшілік ету.	
Мусатаева Гульнара Абаевна 28.12.1967 ж.	23.05.2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ-тың басқарушы директоры - Басқарма мүшесі. 20.08.2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы» «Нұр Лизинг» Лизингілік компаниясы» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі. 20.08.2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ ЕҰ» «Нұрполис» Сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 23.05.2011 жылдан қазіргі уақытқа дейін - «Нұрбанк» АҚ-тың басқарушы директоры - Басқарма мүшесі. 13.06.2008 ж. – 18.05.2011 ж. – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің Қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары. 15.02.2008 ж. – 13.06.2008 ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің Заң департаментінің Қаржы нарығын реттеуді құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы. Өкілеттігі: Атқарушы директор Ж.Е. Құлбулатовтың жұмысына жетекшілік ету, Заң департаментінің, Кінәрат-куыным жұмыстары және атқару өндірісіне бақылау жүргізу басқармасының қызметтеріне жетекшілік ету.	Жоқ
Телегина Ирина Игоревна 29.01.1968 ж.	17.06.2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Нұрбанк» АҚ-тың басқарушы директоры – Басқарма мүшесі. 18.10.2013 ж. - 16.06.2014 ж. – «Нұрбанк» АҚ Басқарушы директоры. 05.08.2013 ж. - 17.10.2013 ж. – «Нұрбанк» АҚ Кеңесшісі. Өкілеттігі: Проблемалы кредиттер департаментінің, «NB» Стрестті активтерді басқару ұйымы» ЖШС қызметтеріне жетекшілік ету.	Жоқ

7. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттігін басқа ұйымға өткізу

Эмитент акционерлік қоғам болып табылады және эмитенттің атқарушы органының өкілеттігі басқа ұйымдарға өткізілген жоқ.

8. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтар, холдинглер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар жөніндегі ақпарат.

«Нұрбанк» АҚ әртүрлі топтар мен ассоциацияларға қатысады:

1) Қазақстан қаржыгерлер ассоциациясы мүшесі:

Ассоциацияның негізгі қызметтері:

- қаржы нарығы мен салық салуды реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- Қазақстандағы қаржы, бюджет, салық және валюта саясатын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;
- қаржы қызметі нарығының инфрақұрылымын дамытуға бұдан әрі қатысу;
- отандық кәсіпкерлерді қолдау және қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыруға қатысу;
- Ассоциация мүшелерінің қаржы секторындағы проблемалық мәселелерді шешу және субъектілерінің мүдделеріне қатысты заңдарды жетілдіру бойынша ұсыныстарын жинау, талдау және жалпылау;
- басымқы және проблемалық бағыттар бойынша Ассоциация мүшелерінің өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобын құру, ортақ ұсыныстарды жасау және оларды уәкілетті органдармен пысықтау;

- бірлескен талқылаулар, дөңгелек столдарды және енді дәстүрлі бола бастаған Қазақстан қаржыгерлер конгресстерін ұйымдастыру;

- Ассоциация мүшелеріне ақпараттық көмек көрсету.

2) Банкілік омбудсманның өкілдері кеңесінің мүшесі

Банктік омбудсманның құзіретіне төмендегі мәселелер кіреді:

- банкілер, банкілік операциялардың жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдар мен қарыз алушы-жеке тұлға арасындағы, ипотекалық қарыз келісімшартынан туындайтын түсініспеушіліктерді, қарыз алушының арызы бойынша реттеу, мұндағы мақсат: қарыз алушының және банкінің, банкілік операциялардың жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін қанағаттандыру жолында келісімге қол жеткізу;

- ипотекалық қарыз келісімшартындағы міндеттерді орындау шарттарына жасалған өзгерістерге байланысты қарыз алушылардың арыздары бойынша жасалған ұсыныстар беру және кездесулер өткізу;

- банкілік омбудсман офисінің жұмысын ұйымдастыру.

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшесі

Ұлттық палата, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеуден өткен (есептік тіркеуден өткен) кәсіпкерлік нысандарының палатаға міндетті түрде мүше болуы ұстанымында құрылады, оған Қазақстан Республикасының заңнамасы басқа коммерциялық емес ұйымдарға мүше болуды міндеттеген нысандар, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындар кірмейді.

4) VISA International (2003 жылдан бері) мен MasterCard Worldwide (2007жылдан бері) төлем жүйелерінің принципті мүшесі

5) VISA International мен MasterCard Worldwide Халықаралық төлем жүйелеріндегі мүшелік төмендегідей көрініс табады:

- нормативтік құқықтық құжаттар дайындауға қатысу;

- төлем карточкаларының дизайндарын келісу;

- төлем карточкаларын шығару;

- төлем карточкаларына қызмет көрсету;

- банкоматтар мен POS-терминалдардың эквайринг желісін дамыту және кеңейту;

- төлем қатынастарын реттеу;

- даулы (диспутты) қатынастарды реттеу;

- карточкалық өнімдер (түрлері) мен қызметтерді сертификациялау;

- премиум класс карточкаларын ұстаушыларға VIP сервис ұсыну.

6) «Нұрбанк» АҚ «Депозиттерді кепілдендірудің қазақстандық қоры» АҚ-да салымдарды кепілдендіру жүйесіне қатысушы болып табылады.

7) Бірінші Кредиттік Бюроның қатысушысы (кредиттік есептер түрінде ақпараттар беру үшін заңды және жеке тұлғалар бойынша кредиттік тарихнама құрау)

8) «Қазақстан қор биржасы» Акционерлік қоғамының мүшесі (бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және басқа да қаржылық құралдармен сауда жүргізуді ұйымдастыру қызметі)

9) SWIFT жүйесінің қатысушысы (Әлемдік банкаралық қаржылық телекоммуникациялық байланыстар арқылы қызметтер көрсету).

9. Осы қосымшаның 5,6 және 7-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасына сәйкес эмитенттің аффилирленген тұлғалары болып табылатын эмитенттің аффилирленген тұлғалары

Аффилирленген тұлғалар туралы мәліметтер осы Проспектінің 1-Қосымшасында берілген.

10. Заңды тұлғаның акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызын эмитент иеленіп отырған, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің аффилиирленген тұлғасына қатысты,

қосымша ретінде көрсетіледі:

1) заңды тұлғаның акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызын эмитент иеленіп отырған, заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан орны;

2) заңды тұлғаның акцияларының немесе жарғылық капиталының эмитентке тиесілі пайызының аталмыш заңды тұлғаның орналыстырған акцияларының немесе жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

3) акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызын эмитент иеленіп отырған заңды тұлғаның негізгі қызметтерінің түрлері;

4) аталған заңды тұлғаның акцияларының немесе жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің 10 (он) немесе одан көп пайызын эмитент қай күннен бастап иеленіп отыр.

заңды тұлғаның толық атауы	орналасқан мекені	эмитентке тиесілі акциялардың пайыздық қатынасы	заңды тұлғаның негізгі қызметтерінің түрлері	эмитент акцияның 10 (он) немесе одан көп пайызын иеленген күн
«Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «НҰРПОЛИС» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғ., 68/74 үй	100	Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі	26.04.2000
«Нұрбанк» Акционерлік қоғамының Еншілес ұйымы «Нұр Лизинг» Лизинг компаниясы» Акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Республика алаңы 13	100	Қаржылық лизинг, қайтарымды лизинг, жедел лизинг	23.07.2001
«Нұрбанк» АҚ Еншілес ұйымы «MONEY EXPERTS» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Республика алаңы 13	100	Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет; инвестициялық қоржынды басқару; андеррайтинг қызметтері	21.03.2002
"Nб" Стресс активтерді Басқару ұйымы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Гоголь көш., 89А үй	100	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару	14.05.2014

11. Маманданған қаржылық компания облигацияларын шығару кезінде мәміле тараптарының аффилиирленгені туралы ақпараттар, аффилиирленудің негіздемесі мен оның пайда болған күні көрсетіле отырып, ашылады.

Эмитент маманданған қаржылық ұйым болып табылмайды.

3-тарау. Эмитент қызметтерінің түрлері

12. Эмитент қызметтерінің түрлері:

1) эмитент қызметтерінің түрлерінің маусымдық сипаттағыларын қоса көрсете отырып, қысқаша сипаттамасы мен оның эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі;

Эмитент екінші деңгейлі банк болып табылады.

Банк өз негізгі қызметін төмендегідей операцияларды жасауға құқық беретін, уәкілетті органның берген лицензиясының шеңберінде атқарады:

- Депозиттер қабылдау, заңды тұлғаларға банктік шоттар ашу және жүргізу;
- Депозиттер қабылдау, жеке тұлғаларға банктік шоттар ашу және жүргізу;
- Банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жасайтын ұйымдарға корреспонденттік шоттар ашу және жүргізу;
- Кассалық операциялар: қолма қол ақшаны қабылдау және беру, оларды алмастыру, ауыстыру, қайта есептеу, сұрыптау, орау және сақтау;
- Аударым операциялары: ақша төлеу және аударуға қатысты жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- Тіркеу операциялары: векселдер мен жеке және заңды тұлғалардың басқа да борышкерлік міндеттемелерін тіркеу (дисконт);
- Банктік қарыз операциялары: төлемділік, қайтарымдылық және мерзімділік шарттарында кредиттер беру;
- Шетел валютасындағы аударым операцияларын ұйымдастыру;
- Мәннеттерді, банкноттар мен құнды заттарды инкассациялау;
- Төлем құжаттарын (векселден басқасын) инкассоға қабылдау;
- Аккредитивтерді ашу (шығару) мен растау және соған қатысты міндеттерді орындау;
- Ақша түрінде орындалуы қарастырылған банктік кепілдіктер беру;
- Ақша түрінде орындалуы қарастырылған банктік кепілгерліктер мен үшінші тұлғалар үшін басқа міндеттемелер беру.
- Векселдермен байланысты операциялар: векселді инкассоға қабылдау, төлеушіге векселдерді төлеуіне қызмет көрсету, сондай-ақ үйицийленген вексел төлемі, делдалдық тәртіпте векселдерді акцептілеу;
- Лизинг қызметін жүзеге асыру;
- Жеке бағалы қағаздарын (акцияларды қоспағанда) шығару;
- Факторинг операциялары: төлемге тәуекелін қабылдай отырып, сатып алушыдан тауар (жұмыс, қызмет) үшін төлем жасауын талап ету құқығын алу;
- Форфейтинг операциялары (форфейтингілеу): сатушыға айналым жасалмайтын түрде вексел сатып алу арқылы тауар (жұмыс, қызмет) сатып алушының борышкерлік міндеттерін төлеу;
- Сенімгерлік операциялары: сенім артушының тапсырмасымен және соның мүддесі үшін ақшасын басқару;
- Сейфтік операциялар: құжаттама үлгісінде шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құнды заттарын, оған сейфтік жәшіктерді, шкафтар мен жайларды қоса сақтау қызметтері.
- Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және диллерлік қызметтер атқару.

АО «Нұрбанк» Үшінші облигациялық бағдарламаның анықтамалығы

- Тазартылған қымбат құймадағы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдар), қымбат металдардан жасалған мәнәттерді сатып алу, кепілге қабылдау, есебін жүргізу, сақтау және сату;
- Сенім берілген операциялар бойынша – сенім артушының мүддесінде және оның тапсырмасымен ипотекалық қарыздар мен тазартылған қымбат металдарды талап ету құқықтарын басқару.

Эмитенттің қызмет маусымдық сипатта болып табылады.

2) эмитенттің бәсекелесі болып отырған ұйымдар туралы мәліметтер;

Бәсекелестері Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктер болып табылады.

Банк секторында 33 екінші деңгейлі банк қызмет көрсетіп отыр, оның ішінде 14 банкте шетелдік қатысу бар, солардың арасында 11 еншілес банктер қатарында. Бұл арада «Нұрбанк» АҚ қосқанда екінші деңгейлі 7 банктің көрсеткіштері қарастыруға алынды.

Банкінің атауы	2015 жыл	2016 жыл	01.08.2017
	Көлемі	Көлемі	Көлемі
"QazaqBanki" АҚ	328 573 856	446 562 590	434 438 797
"AltynBank" АҚ	324 318 097	362 575 364	427 710 342
"ЕҰ "АЛЬФА-БАНК" АҚ	310 498 635	368 865 290	390 459 161
"Нұрбанк" АҚ	333 368 743	402 889 756	369 314 728
"Астана" Банкі" АҚ	224 052 666	363 558 034	348 391 574
"AsiaCreditBank " АҚ	239 155 266	253 675 359	166 278 054
"TengriBank" АҚ	54 917 710	71 423 679	103 843 142
ЖИЫНТЫҒЫ	1 814 884 973	2 269 550 072	2 240 435 798

«Нұрбанк» АҚ Активтерінің көлемі жағынан эмитентке «Астана» Банкі» АҚ ең жақын тұрған бәсекелесі болып отыр.

Екінші деңгейлі 7 банктің кредиттік қоржынының өсу динамикасы

млрд. теңге

Банктің атауы	2015 жыл	2016 жыл	01.08.2017
	Көлемі	Көлемі	Көлемі
"QazaqBanki" АҚ	232 628 852	308 104 817	333 604 257
"Нұрбанк" АҚ	193 738 447	203 724 146	207 976 508
"Астаны"Банкі " АҚ	138 171 588	177 282 568	171 297 286
"ЕҰ "АЛЬФА-БАНК" АҚ	162 257 973	118 783 925	156 996 958
"AltynBank" АҚ	83 874 337	108 695 825	98 640 472
"AsiaCreditBank" АҚ	132 292 037	111 877 518	93 384 385
"TengriBank" АҚ	23 444 874	52 314 513	68 107 693
ЖИЫНТЫҒЫ	966 408 108	1 080 783 312	1 130 007 559

Кредиттік қоржынының көлемі жағынан «Нұрбанк» АҚ-ға «Астана» Банкі» АҚ ең жақын тұрған бәсекелесі болып отыр.

Екінші деңгейлі 7 банктің капиталының өсу динамикасы

млрд.теңге

Банктің атауы	2015 жыл	2016 жыл	01.08.2017
---------------	----------	----------	------------

	Көлемі	Көлемі	Көлемі
"ЕҰ "АЛЬФА-БАНК" АҚ	46 229 859	53 305 856	54 541 188
"AltynBank" АҚ	34 048 873	44 363 731	50 085 226
"Нурбанк" АҚ	46 025 296	48 346 861	49 143 623
"Астаны"Банкі" АҚ	23 453 366	32 527 007	44 375 392
"QazaqBanki" АҚ	30 493 862	38 678 007	42 113 480
"AsiaCreditBank" АҚ	24 231 207	22 965 796	25 366 156
"TengriBank" АҚ	22 356 698	22 418 388	22 582 396
ЖИЫНТЫҒЫ	226 839 161	262 605 646	288 207 461

Жеке капиталының көлемі жағынан «Астана» Банкі» АҚ «Нурбанк» АҚ-ның ең жақын бәсекелесі болып табылады.

Бәсекелестік әртүрлі бағытта жүргізілед: Банктік өнімдердің түрлерінде, берілу мерзімдерінде, сыйақы мөлшерлемесі және басқада бағыттарда.

3) Эмитенттің негізгі қызметі (жұмыс, қызмет) түрлері бойынша сатылымдардың кірісті болуына оң және теріс әсер ететін факторлар.

Оң факторлар:

- өнімдер желісін кеңейту арқылы эмитенттің өз қызметін диверсификациялауы, нарыққа жаңа бантік өнімдер мен қызметтерді шығаруы;
- сатылым менеджерлерімен жұмысты ұйымдастыру, сатылым менеджерлеріне арналған ынталандыру бағдарламалары, кросс-сатылым мүмкіндігі;
- кадрлардың тәжірибесі мен кәсіпқойлығы – жұмыскерлердің көпшілігінде тиімді практикалық жұмыс тәжірибелері бар;
- қазақстандық, сонымен қатар халықаралық даму институттары арқылы ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларына Банктің қатысуы арқылы сыртқы қаржыландыру көздерінің болуы;
- эмитенттің акционерлері оның дамуына мүдделі оның бұдан да былай дамуын қолдауға қауқарлы;
- Стресс жағдайларды басқарудың жауапты жүйесі мен өтімділігі.
- Кредиттік қоржынның өсуі
- Қазақстан Республикасының барлық аумағынан орын алуы
- барлық ірі аумақ орталықтарында филиалдар мен банкоматтардың дамыған жүйесі;
- пластик карталар эмиссиясының жоғарғы дәрежеде болуы;
- сыртқы қарыздарының жоқтығы;
- Банктің капиталдандыруы дәрежесінің жоғары болуы.

Теріс факторлар:

- бәсекелес банктердің көп болуы;
- қаржы нарығындағы, капитал нарығындағы орын алған жағдай, сыртқы қорландырудың шектеулі болуы Қазақстанның банк жүйесіне теріс ықпал етіп отыр;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы түзетулер мен құрылыс саласындағы қиындықтар Қазақстанның банк жүйесіне қосымша ауыртпалықтар әкеліп отыр, банктік активтер сапасының төмендеп кетуі – басты мәселе болып табылады;
- еңбек нарығында кәсіпқой мамандардың жетіспеуі;
- жоғары дәрежелі қарыз алушылардың аздығы;
- көптеген ішкі бизнес-үдерістерге реинжинирнг жасау қажеттілігі туындап отыр;
- әлеуетті клиенттер базасының жиі қамтылуы;
- кадрлардың тұрақтамауы.

4) эмитенттің лицензиялары (патенттері), олардың жарамдылық кезеңі, соның ішінде эмитент демеушілік көрсетіп отырған зерттеу жұмыстары туралы ақпараттар; Бағалы қағаздар нарығында банктік және басқа операциялар мен қызметтерді жасауға берілген лицензияның күні мен нөмірі - № 142, 13.12.2007 жыл. Бағалы қағаздар нарығында банктік және басқа операциялар мен қызметтерді жасауға лицензия берген орган – Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі.

Алғашқы рет алынған лицензияның №142, 03.08.1992 жыл алынған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Мемлекеттік Банк берген.

Жарамдылық мерзімі – Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 31 тамызындағы №2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 26 бабының 6-тармағына сәйкес ұлттық және (немесе) шетел валютасындағы банктік және басқа да операцияларды жүргізуге берілетін лицензияның мерзіміне шектеу қойылмайды.

Эмитенттің патенттері, олардың жарамдылық кезеңі, соның ішінде эмитент демеушілік көрсетіп отырған зерттеу жұмыстары туралы ақпараттар жоқ – эмитентте патенттер жоқ, сонымен қатар ол зерттеу, барлау, сондай-ақ зерттеу жұмыстарына шығындар шығармады және демеушілік көрсетпейді.

5) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізат (жұмыс, қызмет) импортының үлесі және эмитент экспортқа шығаратын (көрсететін) өнімдердің (жұмыс, қызмет) үлесі, сатылатын өнімдердің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлемі;

Атауы	31.12.2015		31.12.2016		30.06.2017	
	Сомасы, млрд.тенге	жалпы көлемдегі үлесі, %	Сомасы, млрд.тенге	жалпы көлемдегі үлесі, %	Сомасы, млрд.тенге	жалпы көлемдегі үлесі, %
Резидент еместерге орналастырған активтер						
Резидент еместердің жиынтығы	11, 67	3,63%	5, 69	1,49%	11, 09	3,29%
Активтердің жиынтығы	321, 18		381, 41		336, 73	
Резидент еместерден тартылған міндеттер						
Резидент еместердің жиынтығы	7, 890	2,81%	1, 28	0,38%	31, 00	10,51%
Міндеттердің жиынтығы	281, 26		340, 46		295, 03	

6) эмитент қызметінің тоқтатылуына немесе өзгеруіне қатысты сот үдерістеріне эмитенттің қатысқаны жайлы мәліметтер, одан ақшалай немесе басқа да өндіріп алу шаралары, ол қатысқан сот мәнісін көрсете отырып;

Банктің қызметін тоқтатуына, одан ақшалай және басқа міндеттерді өндіріп алуға алып келетін сот үдерісіне эмитенттің қатысқаны жайлы мәліметтер жоқ.

7) эмитенттің қызметіне ықпал ететін тәуекелдің басқа факторлары:

Өтімділік тәуекелі

Банк төлеу мерзімінің келуіне байланысты барлық ақшалай міндеттерді өтеуі үшін тұрақты түрде қаражаттың болуын қамтамасыз етуі үшін өтімділікті басқаруды жүзеге асырады. Банк 2007-2008, 2014-2015 жылдардағы өтімділік дағдарысын жетістікпен өтіп шықты, сонысымен нарықтағы стресс жағдайларды басқарудың дұрыс жүйесінің жасалғанын дәлелдеп шықты.

Валюталық тәуекел

Валютадардың түрлері бойынша оларды тарту мен орналастыру кезінде теп-теңсіздіктің пайда болуынан туындаған валюталық тәуекелдерді басқару ашық валюталық позициялардың мөлшеріне сәйкес лимиттерді орнату арқылы жүзеге асады. Жекелеген валюталар бойынша позициялардың көлемін эмитенттің еліне қарай және тарихи мәліметтер негізінде анықталады.

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекелдерді басқару мөлшерлемелерді Банк басшылығы бекіткен шектеуді арттыру немесе азайту арқылы жүзеге асады. Бұл шектеулер пайыздың өзгеруіне байланысты ағымдағы кезең ішіндегі кіріс пен активтер мен міндеттердің құнына әсер ететін пайыздық мөлшерлемелердің әлеуетті ықпалын шектеп отырады. Банк нарыққа еркін кіре алады, соның арқасында ол нарықтың шарттарына тез бейімделе алады.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел қарыз алушының немесе басқа тараптардың Банк алдындағы өз міндеттерін орындамауы нәтижесінен келген қаржылық шығындардан туындайтын тәуекел. Банк кредиттік қызметтерді бақылаудың саясаты мен жосықтарын әзірлеп шықты, соның ішінде кредиттік қоржынды концентрациялау және Банктің кредиттік тәуекелдерін белсенді түрде басқаратын Кредиттік Комитетті құрады.

Нарықтық тәуекел

Банк нарықтық тәуекелдердің ықпалына түседі. Нарықтық тәуекелдер пайыздық мөлшерлеме мен валюталық өнімдердің әрқайсысы нарықтағы жалпы және кәсіптік әрекеттерден келетін тәуекелдерге қарсы тұра алмаудан туындауы мүмкін. Банк нарықтың конъюнктурасының жағымсыз жағына өзгеруінен туындауы мүмкін әлеуетті шығындарды бағалау арқылы және шығындар мен марждарды жабуға қойылған лимиттерді сақтау, сонымен қатар қосымша талаптарды орындау арқылы нарықтық тәуекелдерді басқарып отыр.

13. Эмитенттің жалпы алғанда шығарылған немесе тұтынған тауарларының (жұмыс, қызмет) жалпы құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын тұтынушылары мен тауар (жұмыс, қызмет) жеткізушілері туралы мәліметтер.

№	Ірі депозитарилердің атауы	Орналасқан орны	Пайыз түріндегі үлесі
1	COO CENTRAL ASIA PETROLEUM LIMITED КОМПАНИЯСЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ	Виргин аралдары (Брит.)	9,96%
2	"БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ" АҚ	Қазақстан Республикасы	5,20%
3	Басқа депозиторилер	Резидент еместер	0,49%
4	Басқа депозиторилер	Қазақстан Республикасы	84,35%
			100,00%

№	Ірі кредиторлардың атауы	Орналасқан орны	Пайыз түріндегі үлесі
1	"ОУСА"NB" ЖШС	Қазақстан Республикасы	12,50%
2	Басқа да кредиторлар	Қазақстан Республикасы	82,63%
			100,00%

4-Тарау. Эмитенттің қаржылық жағдайы.

Эмитент қаржылық есептеліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес

шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайды. Осы тарауда берілген барлық мәліметтер 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жай бойынша жасалған аудиторлық есептермен, сондай-ақ 2017 жылдың 6 айындағы аудитке түспеген қаржылық есептілікпен расталған, эмитент ұсынған шоғырландырылған қаржылық есептіліктен алынды.

Эмитенттің шоғырландырылған қаржылық есептілігі ҚЕХС сәйкес дайындалған, 2015 жылдың 31 желтоқсанындағы, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы күй-жай бойынша жасалған аудитті «КПМГ Аудит» ЖШС жүргізді.

14. Эмитенттің активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитенттің активтері, әрбір активтің сәйкес баланстық құны бірге көрсетіледі:

Атауы	31.12.2015		31.12.2016		30.06.2017	
	Сома, млрд.теңге	активте рдегі үлесі %	Сома, млрд.теңге	активте рдегі үлесі %	Сома, млрд.теңге	активте рдегі үлесі %
Ақша қаражаттары мен олардың баламасы	38,17	11,88	64,14	16,82	23,38	6,94
Корпоративтік бизнестің клиенттеріне берілген кредиттер	125,29	39,01	133,69	35,05	128,87	38,27
Шағын және орта бизнестің клиенттеріне берілген кредиттер	43,68	13,60	51,57	13,52	51,88	15,41
Бөлшек сауда бизнесінің клиенттеріне берілген кредиттер	28,44	8,86	34,16	8,96	36,58	10,86
Сатуға арналған қаржылық активтер	39,62	12,33	52,06	13,65	54,10	16,07

15. Эмитенттің активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешектер:

1) эмитент алдындағы берешектері эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын дебиторлардың атауы;

2) өтелуі тиіс сәйкесті сомалар (келесі 12 (он екі) айдың ішінде тоқсандарға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі, өтелетін күндер қатар көрсетіледі), өтеу мерзімі қатар көрсетіледі.

30.06.2017, 31.12.2016, және 31.12.2015 күй-жай бойынша эмитенттің мойнында Топтың шоғырландырылған активтерінің баланстық құнының 5%-ынан артық дебиторлық берешек жоқ.

16. Эмитенттің міндеттерімен қамтамасыз етілген, эмитенттің активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын активтері:

1) эмитенттің міндеттерінің қамтамасы болып табылатын, эмитенттің активтерінің атауы, эмитенттің міндеттерінің қамтамасы болып табылатын активтердің сәйкесті құнын көрсете отырып;

2) бағалаушының атауы, мұндай әрбір активтің бағаланған күні;

3) сәйкес келісімшарттардың жарамдылығының аяқталатын күні.

30.06.2017, 31.12.2016, және 31.12.2015 күй-жай бойынша, эмитент міндеттерінің қамтамасы болып табылатын Топтың шоғырландырылған активтерінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын активтері жоқ.

17. Эмитенттің активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, сенімхат арқылы басқаруға берілген активтері:

- 1) эмитенттің сенімхат арқылы басқаруға берілген активтерінің атауы, сенімхат арқылы басқаруға берілген активтердің сәйкесті құнын көрсете отырып;
- 2) бағалаушының атауы, мұндай әрбір активтің бағаланған күні;
- 3) сәйкес келісімшарттардың жарамдылығының аяқталатын күні.

30.06.2017, 31.12.2016, және 31.12.2015 күй-жай бойынша, эмитенттің сенімхат арқылы басқаруға берген активтері жоқ.

18. Эмитент міндеттерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан көп пайызы мөлшеріндегі кредиторлық берешектер:

- 1) эмитент кредиторларының атауы;
- 2) өтелуі тиіс сәйкесті сомалар (келесі 12 (он екі) айдың ішінде тоқсандарға бөлінеді, қалған сомалар жылдарға бөлініп көрсетіледі, өтелетін күндер қатар көрсетіледі), өтеу мерзімі қатар көрсетіледі.

30.06.2017, 31.12.2016, және 31.12.2015 күй-жай бойынша эмитенттің мойнында Топтың шоғырландырылған активтерінің баланстық құнының 5%-ынан артық кредиторлық берешек жоқ.

19. Эмитенттің левереджінің көрсеткіші.

